

"Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13с шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 қазандағы N 4-16с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 12 қарашада N 13-13-112 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 3-25 с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 16.04.2018 № 3-25 с (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 387-бабына, 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес және аудан жерлерінің аумақтарын анықтау сызбасының негізінде аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13с (2009 жылғы 21 мамырдағы № 13-13-104 СҚО Уәлиханов ауданының әділет басқармасында тіркелген және 2009 жылғы 1 мамырдағы № 22 "Шұғыла" және "Ел тынысы" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі мазмұндағы 3-тармағымен толықтырулар енгізілсін:

"3. Көрсетілген шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін он күн өткен соң күшіне енеді."

2. Көрсетілген шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін он күн өткен соң күшіне енеді.

Сессия төрағасы,

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Ә. Бейсенбаев

КЕЛІСІЛДІ:

Уәлиханов ауданы бойынша

салық басқармасының төрағасы

Х. Ыбраев